# Қозы Көрпеш - Баян сұлу

Галиева Толкын Амангельдиевна
"Бәйтерек колледжі" МКҚК
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

<table>
<tr><td colspan="2">Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары</td><td colspan="3">8.1.4.1орта көлемді прозалық, драмалық шығармалардан үзінді тыңдау,тақырыбы мен идеясын талдау</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ мақсаттары</td><td colspan="3">Балаларды сыни тұрғыдан ойлата отырып , оқушы белсенділігін анықтау.<br>Сабақ барысында оқушылардың зерттеу жұмыстары мен топтық жұмыстарын бірлестіру арқылы баланы жүйелі ойлауға жетелеу.<br>Диалог,сұхбат, сұрақтар қою арқылы бала дүниетанымын кеңейту, ой көкжиегінің өсуіне ықпал ету. тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді және қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алады</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының мазмұнын түсіну.<br>Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын үйрену.<br>Балалардың терең ойлай білуі, сөз саптауы, жыр идеясын анықтай білуге, ықпал ету.<br>Сөз мағынасын ашу, сөз қадірін білуге үйрету. Тілдік дағдыларға қатысты терминдер мен орфоэпиялық нормаларды қолдана алады. Айтылым дағдыларын дамытудағы тілдік қолданыстар: достық, символ, кейіптеу т.б</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>7 минут</td><td colspan="3">Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сәлеметсіздерме оқушылар! Оқушылардың көңіл-күйлерін сұрау.<br>Психологиялық ахуал. «Жылы лебіз» әдісі<br>Сыныпта жақсы психологиялық атмосфера болу үшін оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы лебіздерін білдіреді. Осы күнге сәттілік тілейді.<br>Бүгін біз «Қозы Көрпеш- Баян сұлу жыры» бөлімі бойынша сабағымызды жалғастырамыз. Сабағымыз жұппен өтеді. Сабағымыздың тақырыбы – «Қозы Көрпеш- Баян сұлу жыры» . Қане оқушылар ортаға шығып, сергіп алайық.<br>Оқушылардың қызығушылығын ояту.<br>Достық туралы мақал- мәтелдерімізді еске түсіріп алайық.<br>Символ дегеніміз не?<br>Символ - суреткер сомдаған кермек туындының түпнегізін төркіндеттіретін аса мәнді өзектердің бірлігінен, тектестігінен туындайтын деректі бейне.<br>Кейіптеу дегеніміз не?<br>Кейіптеу– әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Қазақ халқының бірқатар эпостықжырларында атқа тіл бітіп, адамша ойлап, сезетіндей етіп бейнеленеді. Ертегілер мен сықақ-мысалдарда қасқыр, түлкі, қоян,тағы басқа жануарлар адам кейпінде суреттеледі.<br>Төмендегі суреттерде махаббаттың символы суреттелгенін мұғалім түсіндіреді<br>Оқу мақсатымен таныстыру. Сабақтың тақырыбымен байланыстыру</td><td>Өлең оқу<br><br>Оқулық, мәтіндер.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Әуелде поэманың идеялық бір сабағы жесір дауымен</td><td>1-тапсырма (жұппен жұмыс)</td><td>Ауызша кері байланыс</td><td>Оқулық</td></tr>
</table>

**Сетевое издание SEVIBA: Образование | SEVIBA.KZ**
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30 минут | байланысты болғанға ұқсайды. Поэманы оқыған адамның мақсаттарына жете алмай, өмірден арманда өткен екі жасты аяйтыны да, олардың қосылуына көлденең тұрған Қарабай мен Қодарға қарғыс айтатындығы да сондықтан. Жырда айтыс, тұрмыс-салт жырлары: естірту, жоқтау, қоштасу, т.б. кеңінен қолданылады. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже, т.б. ақындар әр кезде дастан оқиғасын өздерінше жырлаған.<br>1. Жырдың басты тақырыбы не?<br>2. Жырда қазақ халқының қандай салт-дәстүрі орын алған ?<br><br>1 – тапсырма<br>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.<br>Шығыс Қазақстан жеріндегі бізге жеткен мәдени мұралардың бірі қалай аталады ?<br>Бұл жерде кімдер жерленген?<br>Кесене неден қаланған?<br>Құрылысы қалай салынған? | Мұғалім Осы тапсырма арқылы кейіптеуді түсіндіреді де, символ мен кейіптеуді салыстырады.<br>Әңгіменің басталуы<br>Қарабай мен Сарыбай аңға шығуымен<br>Әңгіменің дамуы<br>Екі бай балаларын айттырады<br>Әңгіменің байланысуы<br>Сарыбайдың дүние салуы<br>Әңгіменің шиленісі Қарабайдың көшіп кетуі<br>Шарықтау шегі<br>Қарабай Қодармен уәделесуі<br>Әңгіменің шешімі Қозының Баянды іздеп келуі<br>Қорытынды Ғашықтардың қосыла алмаулары<br><br>Дәптермен жұмыс<br>Туынды - (произведение)<br>Сүйіспеншілік - (влюбленность)<br>Шежіре - (летопись)<br>Олжа - (добыча)<br>Қияметтік - (судный день)<br>Медеу қылу - (считать своей опорой)<br>Менсінбеу - (игнорировать)<br>Оқушылар жазылым тапсырмасын орындайды.<br>7- тапсырма | беру. Жақсы! Тамаша!<br><br>Дескриптор: жаңа сөздерді үйренеді; сөздік жұмысын жүргізеді. | Оқулық. 8 сыныпқа арналған қазақ тілі мен әдебиеті Авторы: Г,Қосымова., А.Сатбекова Е.Арын Қ.Рахимжанов<br><br>сөздік слайд<br><br>112 бет<br><br>оқулық 114 бет |
| | Жазылым алды тапсырмалар.<br>Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу шамамен 12 - 13 ғасырларда ғұмыр кешкен. Сарыбай мен Қарабайдың төл перзенттері. Аң аулап жүріп құдаласқан бұл екеуі ұл - қыздарының кейінірек махаббат жолында түрлі қиыншылыққа ұрынатынына куә болады. Дүниеқоңыздық пен көре алмаушылық, кек пен ашуға тап болған қос жүрек иесі өле - өлгенше бір - біріне деген нәзік сезімдерін сақтай білген. Олардың махаббаттары осымен құнды. | | | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Сеть событий строится на любви между двумя любящими друг друга молодых, отстаивая свои чувства молодые люди противятся предсказанию баксы. Мешает их счастью - страдание другого парня, жестокого Қодара, влюбленного в девушку). | | | |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | Рефлексия «Смс» әдісі: Кері байланыс<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін «Смс» әдісі арқылы жеткізеді. | | | |
| | Үй тапсырмасы: Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру<br>Бағалау. Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.